



## «ҒАСЫР ДАНАСЫ – ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫ БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Халық арасында Әзірет Сұлтан атымен танымал болған тарихи ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл толып отыр. Ясауи – сол заманның жарық жұлдызы, жарқын бейнесі. Қожа Ахмет Ясауи – суфизм поэзиясының негізін қалаушы, барлық шығыс мұсылмандарының тәлімгері және діни жетекшісі. Ақын, ойшыл, ғұлама 1093 жылы Ясы қаласында дүниеге келген. Ұстазы – Арыстан баб. Оның бүгінгі күнге жеткен көлемді шығармасы – «Диуани Хикмет». Өз аты-Ахмет, есімінің алдындағы «қожа» мұсылман дінін таратып, уағыздаушылық қызметіне қарай берілген атау. Еліміз Егемендігін алғаннан кейін әдеби-мәдени мұраларымыздың, асыл рухани қазыналарымыздың көзі ашылды. Халқымыз тарихына көз жүгіртіп, қасиетті мұраларымызды қастерлеуге ұмтылды. Қожа Ахмет Ясауидің қалдырып кеткен хикметтеріндегі даналық ойлардың тәрбиелік мәнін түсіндіру, оның еңбектерін өскелең ұрпаққа жеткізу мақсатымен өткелі отырған Қожа Ахмет Ясауидің 930 жылдығына орай «Ғасыр данасы – Қожа Ахмет Ясауи» Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясына қатысуға шақырамыз.

### **Конференцияның мақсаты:**

Қожа Ахмет Ясауи салған сара жолды өскелең ұрпаққа жеткізу, хикметтеріндегі даналық ойлардың тәрбиелік мәнін түсіндіру, ұлттық құндылықтарды бала бойына дарытудағы педагогтердің тәжірибесін тарату, Өзбекәлі Жәнібековтің Ясауи мұрасын жандандырудағы еңбегін таныстыру, педагогтердің шығармашылық әлеуетін көтеру.

**Өтетін күні, уақыты:** 29 наурыз 2024 ж. сағ. 10.00.

**Өтетін орны:** Түркістан қаласында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Бекзат Саттарханов даңғылы, 29.

**Ұйымдастырушылар:** Түркістан қаласы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ясауитану ғылыми-зерттеу институты, Астана қаласы Білім басқармасы, «Әдістемелік орталығы» МКҚК

**Қатысушылар:** орта білім беру ұйымдарының мұғалімдері, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, әлеуметтік педагог, педагог-психологтар, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері, ЖОО оқытушы-профессорлары, докторанттар, магистрлер, ғалымдар.

**Қатысу тілі:** қазақ, орыс, ағылшын, ұйғыр, өзбек тілдері.

**Өткізу форматы:** офлайн, **Facebook** әлеуметтік желісі арқылы тікелей көрсетілім)

### **Конференция бағыттары (секциялар):**

- 1-секция: Қ.А. Ясауи мұрасы және оның рухани танымы;
- 2-секция: Қ.А.Ясауидің мұраларын оқу-тәрбие үдерісінде қолдану;
- 3-секция: Қ.А.Ясауи еңбектерінің философиялық және тәрбиелік мәні;
- 4-секция: Орта ғасырдағы мәтіндер тілі: аударма, лингвистикалық талдау;
- 5-секция: Түркі әлеміндегі мәдениет және өнер.

**Өткізу форматы:** офлайн

### **Шақырылған қонақтар:**

- Мухиттин ШИМШЕК, Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Өкілетті Кеңес Төрағасы;
- Дархан САТЫБАЛДЫ, Түркістан облысының әкімі;
- Дархан ҚЫДЫРӘЛІ, ҚР Парламенті Сенатының Депутаты.

